Мақала/Статья/Article
ҒТАХР 14.35.09

Г.Қ. Уристенбекова
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.
ORCID: 0000-0002-7584-2662
e-mail: gulba@mail.ru

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЕЛТАНЫМДЫҚ АҚПАРАТТЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа. Мақалада студенттердің мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде елтанымдық ақпаратты тиімді пайдаланудың мәні ашып көрсетілген. Сонымен қатар, мәдениетаралық қатысым құзыреттілігінің білім беру кеңістігіндегі өзектілігі сараланып, бұл бағыттағы отандық және шетелдік ғалымдардың көзқарастары мен ғылыми тұжырымдарына шолу жасалған.Автор елтанымдық мәліметтерді тілді оқыту процесінде қолдану арқылы білім алушылардың тілдік қана емес, сонымен қатар мәдени танымдық көкжиегін кеңейтуге болатынын дәлелдейді.

Тілді меңгерту үдерісінде мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыру ұстанымдарына сүйене отырып, тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланыс, ұлттық тілдің халықтың дүниетанымымен және мәдениетімен тығыз қатысы анықталады. Тілді оқыту тек білімдік әрі қатысымдық мақсаттарды ғана емес, сонымен қатар адамзат жинақтаған тарихи-мәдени, рухани құндылықтарды меңгеру, өзін және өзгені тану, ойды жеткізу құралы ретінде танымдық қызметін де қамтуы қажет. Мақалада тілді меңгеру барысында білім алушылардың мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамыту жолдары, ұлттық-мәдени контексте білім берудің тиімді әдістері сипатталады. Сонымен қатар, мәдени құндылықтарды салыстыра отырып, елтанымдық мазмұнды материалдарды пайдаланудың тіл үйретудегі орны мен тиімділігі нақты мысалдармен негізделеді. Зерттеу нәтижесі ретінде елтанымдық ақпараттарды қолдану білім алушылардың шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігін арттырумен қатар, басқа ұлттардың дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелейтіні анықталды.

Түйін сөздер: мәдениетаралық қатысым, құзыреттілік, лингвоелтану, тіл әлемі, елтаным

Г.Қ. Уристенбекова
Южно-Казахстанский педагогический университет имени Ө.Жанибекова
Республика Казахстан, г. Шымкент,
ORCID: 0000-0002-7584-2662
e-mail: gulba@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ПУТЕМ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СТРАНОВЕДЧЕСКОГО МАТЕРИАЛА

Аннотация. В статье акцентируется внимание на значимости использования страноведческой информации в процессе формирования межкультурной коммуникативной компетенции студентов, а также рассматривается актуальность проблем межкультурной коммуникации в современном образовательном пространстве. Приводятся мнения ученых по

вопросу формирования межкультурной коммуникативной компетенции. Автор доказывает, что использование страноведческого материала в процессе обучения языку способствует не только языковому, но и культурно-познавательному развитию обучающихся.

На основе принципов, способствующих формированию межкультурной коммуникативной компетенции в условиях овладения языком, выявляется взаимосвязь между языком и культурой, а также прослеживается связь национального языка с мышлением и культурными особенностями народа. Подчеркивается необходимость освоения познавательной функции языка, позволяющей воспринимать историко-культурное и духовное наследие человечества, выражать свои мысли, познавать себя и других, наряду с его образовательной и коммуникативной функциями.

В статье описаны способы развития межкультурных коммуникативных навыков обучающихся в процессе овладения языком, а также эффективные методы обучения в национально-культурном контексте. Кроме того, на конкретных примерах обоснована роль и эффективность использования страноведческого материала в обучении языку через сравнение культурных ценностей. В качестве результата исследования установлено, что использование страноведческой информации способствует не только повышению коммуникативной компетенции обучающихся на иностранном языке, но и воспитанию уважительного отношения к традициям других народов.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, компетентность, лингвострановедение, мир языка, страноведение, духовное наследие, родная культура, толерантность, личность

G.K.Uristenbekova
Zhanibekov south Kazakhstan pedagogical university
Shymkent, Republic of Kazakhstan
ORCID: 0000-0002-7584-2662
e-mail: gulba@mail.ru

FORMATION OF INTERCULTURAL COMMUNICATIVE COMPETENCE THROUGH THE USE OF REGIONAL STUDIES MATERIAL

The article highlights the importance of using country-specific (stranovedenie) information in developing students' intercultural communicative competence, emphasizing the relevance of issues related to intercultural communication. It presents scholars' views on the problem of forming intercultural communicative competence. The author argues that integrating country-specific content into the language learning process can broaden learners' not only linguistic abilities but also their cultural and cognitive horizons.

Based on principles that contribute to the development of intercultural communicative competence during language acquisition, the article explores the interrelation between language and culture, as well as the connection between a national language and the worldview and culture of its people. It is shown that, in teaching any language, in addition to its educational and communicative functions, it is essential to convey its cognitive role-as a means for understanding the historical, cultural, and spiritual heritage accumulated by humanity, for expressing thoughts, and for self-awareness and understanding others.

The article describes methods for developing learners' intercultural communication skills in the process of mastering a language and outlines effective teaching approaches within a national-cultural context. Furthermore, it provides concrete examples to justify the role and effectiveness of using country-specific materials in language teaching through the comparison of cultural values. As a result of the study, it was found that incorporating such information not only enhances students' communicative competence in a foreign language but also fosters respect for the traditions of other cultures.

Key words: intercultural communication, competence, linguocountry studies, language world, country studies, spiritual heritage, native culture, tolerance, personality.

Кіріспе.

Мәдениет дегеніміз қандай да халықтың өзге халыққа ұқсамайтын жалпы құндылықтарын ерекшелеп тұратын белгісі болып саналады. Мәдениет-кез-келген ұлттың бет-бейнесінен, рухани болмысынан, жанынан, ақыл-ойы мен парасатынан көрінеді.

Қазіргі қоғамдағы өзгерістер мен ғылым, мәдениет салаларындағы жетістіктер жас ұрпаққа жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие мен білім беруді жаңа сапалық деңгейге көтеруді талап етеді. Студент-жастардың мәдениетаралық құзыреттілігін ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру – тарихи сананы қалыптастыру, мәдени мұралардың мәнін түсіну және жан-жақты, рухани дамыған жеке тұлға тәрбиелеу мәселесімен тығыз байланысты. Бұл ғылыми мақаланың танымдық және тәрбиелік өзектілігін айқындай түседі.

Мақаланың мақсаты: Мақала мақсаты – студенттердің мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыруда елтанымдық ақпараттың рөлін талдау және оны оқу үдерісінде тиімді қолданудың жолдарын көрсету.

Мақаланың міндеттері: «мәдениетаралық қатысым» ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылау; мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша ғылыми зерттеулерге шолу жасау; мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыруда елтанымдық ақпаратты қолдану туралы көзқарастарын білуге бағытталған сауалнама нәтижелерін ұсыну.

Зерттеу мәселесін қарастыру барысында «мәдениет» ұғымының мәні мен мазмұнын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жүргізілді.

Материалдар мен әдістер.

Зерттеу барысында мәдениетаралық қатысым ұғымын зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне шолу жасалып, зерттеу нәтижелері бойынша талдау жүргізілді.

Мәдениеттің әртүрлі аспектілері, соның ішінде тұрмыс, діл, ұлттық мінез, құндылықтар жүйесі, діни наным-сенімдер халықаралық қатысымда маңызды рөл атқарады. Ұлт мәдениетінің қандай да бір түрін алсақ та, оның танымдық болмысы мен тұрмыс-тіршілігі тілінде айқын көрініс табады. Бұл туралы Ф.Ш. Оразбаева: «Қазіргі таңда халықаралық байланыстары қарқынды дамыған елдерде тілдік қатынас мәселесіне айрықша назар аударылуда. Тілдік қатынас - бүкіл әлем бойынша елдер мен ұлттар арасындағы саяси байланыстарға мүмкіндік тудырады. Тілдік қатынас дегеніміз - бұл тіл арқылы байланысу, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, қоғамдық және ұлттық тілдер арқылы түсінісу мен ұғынысу; яғни, тіл арқылы адамзаттың байланысқа түсуі» деп жазады [Оразбаева, 2000:7].

Тілші-ғалым Ж.А.Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты еңбегінің алғысөзінде лингвомәдениеттану саласы туралы ой қозғай отырып, «Тілді ұлттық ой-сана, дүниетаным, мәдениет, тарих және этностық рухты бейнелейтін таңба ретінде қарастыру керек» деп атап өтеді. Сонымен қатар, қазіргі заманғы сөздіктерде мәдениетке қатысты бірнеше анықтамалар берілген. Мысалы:

1) Мәдениет – белгілі бір халықтың қол жеткізген табыстары мен шығармашылығының жиынтығы;

2) Мәдениет – адамзат қауымының тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (мысалы, палеолит мәдениеті, қазақ мәдениеті және басқалар).

Қазақ мәдениеттанушылары бұл анықтамалар мәдениеттанудың мақсатын айқындайтынын атап өтеді. Осылайша, мәдениет арқылы көрініс тапқан ұлт болмысы тек тіл арқылы анықталады. Сонымен қатар, Ж.А.Манкеева «Тіл – мәдениеттің көрінісі болып табылады. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы ерекше әрі маңызды. Бұл жерде біз әрбір мәдениеттің атаулары мен түрлерінің тіл арқылы бейнеленетінін, олар ұрпақтан ұрпаққа тіл

арқылы жетіп, ұжым мүшелерінің ортақ психикалық заңдылықтарын қалыптастыратынын түсінеміз» деп қорытындылайды [Манкеева, 2008: 6].

Тіл – тек адамның ішкі жан дүниесі мен мәдениетінің көрінісі ғана емес, сонымен қатар мәдени мұраны сақтау мен оны келер ұрпаққа жеткізудің де маңызды құралы. Осы тұрғыда тіл этностық ерекшеліктерді, халықтың ұлттық мінезін қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі ретінде маңызды рөл атқарады [Манкеева, 2008: 92].

Осы негізде тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ескере отырып, мәдениетаралық қатысым құзыреттілігі ұғымын анықтау қажеттілігі туындайды. Мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік, кәсіби немесе түрлі жағдаяттарда өзге ұлт өкілдерімен тілдік әрі мәдени деңгейде еркін байланыс орната алу қабілеті.

Мәдениетаралық құзыреттілік – адамның белсенді әлеуметтік өмірі мен кәсіби қызметінде бағдар жасай алу қабілетін айқындайтын маңызды сапа. Ол жеке тұлғаның ішкі әлемі мен әлеуметтік санасының үйлесімді дамуына ықпал етеді. Мәдениет пен мәдениеттілік мәселелері көпқырлы зерттеулерге арқау болған. Бұл ұғымның философиялық негіздерін В.С. Библер, Л.Н. Коган, Д. Кішібеков, М.Х. Балтабаев сынды ғалымдар қарастырса, ал оның психологиялық қырларын Қ.Б. Жарықбаев, Ә. Алдамұратов, С. Бабаев, А.А. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн сынды зерттеушілер өз еңбектерінде жан-жақты талдаған. М.Н.Мейрамов, Ә.М.Мұханбетжанов, Н.В.Посельская, В.В.Сафонова, Е.Ф.Киселева, С.С.Құнанбаева сияқты ғалымдар әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің қалыптасу мәселесін зерттеген. Олардың еңбектерінде әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің мазмұны төрт компонент түрінде ұсынылған: әлеуметтік-мәдени білім, қарым-қатынас тәжірибесі, шет тілі мәдениеті фактілеріне жеке көзқарас және тілді қолдану тәсілдерін меңгеру.

Г.В.Елизарова «Культура и обучение иностранному языку» атты еңбегінде шетел тілін оқытуда мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығын қарастырады.

Бұл ғалымдардың еңбектері мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыруда елтанымдық ақпараттың рөлін түсінуге және оны білім беру процесінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді

С.Г.Тер-Минасованың пайымдауынша, мәдениетаралық құзыреттілік тіл арқылы қалыптасады, себебі тіл – мәдениеттің айнасы. Тілде тек шынайы өмір шындығы мен тіршілік жағдайлары ғана емес, сонымен қатар халықтың қоғамдық санасы, менталитеті, өмір салты, дәстүрлері, моральдық ұстанымдары, құндылықтар жүйесі, әлемді түйсінуі мен қабылдауы көрініс табады [Тер-Минасова, 2018: 92].

«Мәдениетаралық құзыреттілік – бұл тұлғаның өзін әртүрлі мәдениеттер арасындағы диалог жағдайында, яғни мәдениетаралық қатысым кеңістігінде еркін көрсете алу қабілеті ретінде сипатталады. Мұндай құзыреттілікке ие адам өзге мәдени ортада бейімделіп, өз көзқарасын жеткізе алумен қатар, өзге халықтардың құндылықтарын, нормаларын және дүниетаным ерекшеліктерін түсінуге ұмтылады» [Втрушина, 2007: 18]. Біз барлығына ортақ келесі анықтамаға тоқталайық: «Мәдениетаралық құзыреттілік – бұл екі немесе одан да көп мәдениет өкілдері арасындағы қарым-қатынас барысында өзара түсіністік пен ортақ мағынаға қол жеткізуге мүмкіндік беретін, мәдениетаралық қатысым жайлы теориялық білімге, тәжірибелік білік пен дағдыға негізделген кешенді құзыреттілік. Ол коммуниканттар үшін тиімді әрі позитивті нәтижелерге қол жеткізуді көздейді» [Елизарова, 2005: 35].

Мәдениетаралық қатысым құзыреттілігі – бұл белгілі бір әлеуметтік ортадағы өмір салтын, салт-дәстүрді, мінез-құлық үлгілерін, вербалды және вербалды емес қарым-қатынас компоненттерін, сондай-ақ құндылықтар жүйесін меңгеруге бағытталған тұлғалық және мәдени дайындық. Бұл құзыреттілік келесі бағыттар бойынша қалыптасады:

- Көптілділік бағыты – өз мәдениетін тереңірек түсінуге және басқа мәдениетті тануға деген ашықтық. Бұл бағыт шетел мәдениетіне құрметпен қарау, ұқсастық пен айырмашылықты тани білу, оқиғаларға тек өз тұрғысынан ғана емес, өзге мәдениет өкілдерінің көзқарасымен қарауды қамтиды;

- Толеранттылық бағыты – басқа халықтардың көзқарасы мен өмір сүру ерекшеліктеріне, сеніміне, жүріс-тұрысына түсіністікпен қарау, тұлғаны оның ерекшелігімен қабылдай білу;

- Елтанымдылық бағыты – тілді үйренуші елдің қоғамдық-саяси, тарихи, мәдени, географиялық, экономикалық ерекшеліктерін білу, сол арқылы сол елдің болмысын жан-жақты тану.

- Лингвоәлеуметтік мәдени бағыт (кәсіби саладағы тілдің мәдени нормаларына сәйкес тіл құралдарын қолдану): пікір алмасу кезінде ашық болу; айтылғанды қайта айтып, тыңдауға белсенді қатысу; әңгімелесушіге назар аударып, түсінікті болу үшін сұрақтар қою, жауапты растау немесе сұхбатты түсіндіру мақсатында сұрақтар қою.

Осы аталған бағыттардың ішіндегі елтанымдық бағыт мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды орын алады.

Мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастырудағы елтанымдық бағыттың маңызы

Мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыруда бірнеше бағыттар маңызды рөл атқарады. Олардың ішінде елтанымдық бағыт ерекше орын алады. Бұл бағыт тіл үйренушілердің тілдік дағдыларын ғана емес, сонымен қатар сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениеті мен өмір салты туралы түсінігін қалыптастыруға бағытталған.

Елтаным ұғымы – тіл үйреніп жатқан елдің мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі туралы білімді қамтиды. Ғалым Г.Д. Томахиннің пікірінше, тіл мен мәдениетті байланыстыра отырып, елтанымдық білімді тілдік құбылыстармен ұштастыру тиімді [Томахин, 1980: 78]. Бұл тәсіл тіл үйренушілерге сол елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, тарихи-мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы тереңірек түсінік береді.

С.Г.Тер-Минасова атап өткендей, кез келген коммуникацияның негізінде сөйлесушілерге ортақ «тілдік код» жатады [Тер-Минасова, 2018: 142]. Бұл кодты меңгеру үшін тіл үйренуші тек грамматикалық құрылымдарды ғана емес, сонымен қатар сол тілде сөйлейтін халықтың мәдени ерекшеліктерін де білуі қажет. Шет тілін меңгеру процесі сол халықтың тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік-мәдени өмірімен тығыз байланысты болуы тиіс.

Осылайша, елтанымдық бағыт тіл үйренушілердің «аялық білімін» қалыптастырады. Бұл білімсіз тиімді қарым-қатынас орнату мүмкін емес. Сондықтан шет тілін оқытуда елтанымдық компонентті енгізу мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Нәтижелер мен талқылау. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 2024-2025 оқу жылының I жарты жылдығында жүргізілді. Зерттеуге ЖОО-ның 1 курс білім алушылары қатысты.

Зерттеудің анықтау кезеңінде білім алушылардан сауалнама алынып, нәтижесі төмендегідей көрсеткіштерді көрсетті (кесте 1).

1-кесте. Респонденттердің жауаптары

№	Сұрақ	Жауап нұсқалары					
1	Елтанымдық ақпарат сіздің мәдениетаралық қарым-қатынасыңызды жақсартуға әсер етеді деп ойлайсыз ба	Иә	40	Жоқ	30	Толық білмеймін	30
2	Сабақ барысында шет елдер мәдениеті туралы ақпараттар (елтаным) қаншалықты жиі қолданылады?	Жиі	45	Сирек	35	Қолданылмайды	20
3	Мәдениетаралық құзыреттілікке ие болу сіз үшін қаншалықты	Өте маңызды	40	Маңызды	30	Маңызсыз	30

	маңызды?						
4	Шет тілі сабақтарында елтанымдық материалдарды қолдану тілді үйренуге қалай әсер етеді деп ойлайсыз?	Жетілдіреді	35	Әсер етпейді	40	Қиындық тудырады	25
5	Сіз өзіңіз басқа елдің мәдениетімен (дәстүр, әдет-ғұрып, әлеуметтік нормалар) танысуға қызығушылық танытасыз ба?	Иә	30	Жоқ	25	Кейде	45
6	Елтанымдық ақпарат арқылы мәдени стереотиптерді жеңуге болады деп ойлайсыз ба?	Иә	45	Жоқ	30	Білмеймін	25
7	Мәдениетаралық қатысым құзыреттілігі сіздің болашақ кәсіби өміріңіз үшін қажет деп есептейсіз бе?	Иә	25	Жоқ	35	Толық сенімді емеспін	40

Зерттеу мақсаты – мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыруда елтанымдық ақпараттың маңыздылығын анықтау.

1. Елтанымдық ақпараттың әсері

Сауалнама нәтижесінде респонденттердің 40%-ы елтанымдық ақпарат мәдениетаралық қарым-қатынасты жақсартуға көмектеседі деп есептейді. 30%-ы жоқ деп жауап берсе, тағы 30%-ы толық білмеймін деп жауап берді. Бұл – елтанымдық білімнің әлеуеті туралы түсініктің әлі де нақты қалыптаспағанын көрсетеді.

2. Елтанымдық ақпараттың қолданылу жиілігі

Респонденттердің 45%-ы сабақта елтанымдық мәліметтердің жиі қолданылатынын айтқан. Алайда, 5%-ы мүлде қолданылмайтынын атап өткен. Бұл көрсеткіш елтанымдық компоненттің сабақ үдерісінде әртүрлі деңгейде пайдаланылатынын байқатады.

3. Мәдениетаралық құзыреттіліктің маңыздылығы

Қатысушылардың 40%-ы бұл құзыреттілікті өте маңызды, 30%-ы маңызды деп бағалаған. Бұл – студенттер арасында мәдениетаралық құзыреттіліктің маңыздылығы туралы түсінік жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

4. Елтанымдық материалдардың тіл үйренуге әсері

Сауалнамаға жауап берушілердің 35%-ы елтанымдық ақпарат тілдік дағдыны жетілдіреді деп есептесе, 40%-ы әсер етпейді, 25%-ы қиындық тудырады деп жауап берген. Бұл нәтиже – елтанымдық мәліметтердің әр студентке әртүрлі әсер ететінін көрсетеді.

5. Басқа елдің мәдениетіне қызығушылық

45% респондент кейде қызығатынын, 30% иә, 25% жоқ деп жауап берді. Бұл – мәдениеттерді тануға деген қызығушылықтың әртүрлі деңгейде екенін білдіреді.

6. Мәдени стереотиптерді жеңу

45%-ы елтанымдық білім стереотиптерді жоюға көмектеседі деп санайды, бұл – осы бағыттағы оқытудың оң нәтиже беретінін көрсетеді. Алайда 30%-ы жоқ, 25%-ы білмеймін деп жауап берген.

7. Мәдениетаралық қатысымның кәсіби өмірге қажеттілігі

40%-ы толық сенімді емес, 35%-ы жоқ, тек 25%-ы ғана бұл құзыреттілікті кәсіби өмірде қажет деп есептейді. Бұл – мәдениетаралық қатысымның кәсіби қолданыстағы қажеттілігін түсіндіру жұмыстарын әлі де жүргізу керектігін айғақтайды.

Қорытынды:

Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің көпшілігі мәдениетаралық қатысым құзыреттілігінің маңыздылығын түсінгенімен, елтанымдық ақпаратты пайдалану мен оның тиімділігі жайлы түсініктері әртүрлі деңгейде қалыптасқан.

Мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін арттыру және елтанымдық ақпараттың тиімділігін көтеру үшін семинар өткізу өте тиімді. Семинарлар студенттердің осы саладағы білімдерін тереңдетуге және тәжірибеге бағытталған дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Курс бағдарламасы: Мәдениетаралық қатысым және елтанымдық ақпарат

Бағдарлама мақсаты: Студенттерге мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін дамыту, шет елдер мәдениетін тереңірек түсіну және елтанымдық ақпаратты білім алу барысында тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Курс ұзақтығы: 12 сағат

2-кесте

Модуль	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Әдіс-тәсілдер:
1.	Мәдениетаралық қатысымның негіздері	Мәдениетаралық қатысымның теориялық негіздерімен таныстыру, мәдениетаралық қарым-қатынастың рөлін түсіну.	2 сағат	Топтық талқылаулар, жағдайлық тапсырмалар, презентациялар
2.	Елтанымдық ақпарат және оның рөлі	Елтанымдық ақпараттың маңыздылығын және оны білім алу үдерісінде қалай қолдануға болатындығын көрсету.	2 сағат	Видеоларды талдау, әдебиет оқу, елтанымдық ақпаратты практикалық қолдану жаттығулары
3.	Шет елдер мәдениетінің ерекшеліктері	Студенттерге шет елдер мәдениетінің басты ерекшеліктері туралы терең білім беру	2 сағат	Мәдениетаралық жағдайларды талдау, бейнемазмұнды қарау, топтық жұмыс
4.	Мәдениетаралық құзыреттілік.	Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын зерттеу, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру	2 сағат	Топтық талқылаулар, жағдайлық тапсырмалар, топтық жұмыс
5.	Мәдениетаралық қатысымдағы стереотиптер мен әлеуметтік нормалар	Мәдениетаралық қарым-қатынаста стереотиптердің қалай пайда болатынын және олармен қалай күресуге болатынын түсіну.	2 сағат	Стереотиптер бойынша талқылау, жағдайлық тапсырмалар, тренингтер
6.	Мәдениетаралық қатысымдағы қиындықтар мен шешу жолдары	Мәдениетаралық қатысымдағы қиындықтар мен оларды шешу жолдарын анықтау.	2 сағат	Оқыту ойындары, практикалық тапсырмалар, жағдайларды талдау

Жалпы, біз ұйымдастырған 12 сағаттық әдістемелік семинардың тиімділігін анықтау мақсатында білім алушыларға қайта сауалнама ұсынылды. Бақылау кезеңіндегі сауалнама нәтижелері төмендегідей көрсеткішерді көрсетті (кесте 2):

3-кесте. Респонденттердің жауаптары

№	Сұрақ	Жауап нұсқалары

1	Елтанымдық ақпарат сіздің мәдениетаралық қарым-қатынасыңызды жақсартуға әсер етеді деп ойлайсыз ба	Иә	60	Жоқ	20	Толық білмеймін	20
2	Сабақ барысында шет елдер мәдениеті туралы ақпараттар (елтаным) қаншалықты жиі қолданылады?	Жиі	52	Сирек	25	Қолданылмайды	23
3	Мәдениетаралық құзыреттілікке ие болу сіз үшін қаншалықты маңызды?	Өте маңызды	65	Маңызды	20	Маңызсыз	15
4	Шет тілі сабақтарында елтанымдық материалдарды қолдану тілді үйренуге қалай әсер етеді деп ойлайсыз?	Жетілдіреді	52	Әсер етпейді	30	Қиындық тудырады	18
5	Сіз өзіңіз басқа елдің мәдениетімен (дәстүр, әдет-ғұрып, әлеуметтік нормалар) танысуға қызығушылық танытасыз ба?	Иә	45	Жоқ	25	Кейде	30
6	Елтанымдық ақпарат арқылы мәдени стереотиптерді жеңуге болады деп ойлайсыз ба?	Иә	58	Жоқ	20	Білмеймін	22
7	Мәдениетаралық қатысым құзыреттілігі сіздің болашақ кәсіби өміріңіз үшін қажет деп есептейсіз бе?	Иә	46	Жоқ	24	Толық сенімді емеспін	30

Қатысушылар: Педагогикалық және басқа да білім беру мамандықтарының студенттері

1. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа елтанымдық ақпараттың әсері

Респонденттердің басым бөлігі (60%) елтанымдық ақпараттың мәдениетаралық қатысымға оң әсер ететініне сенімді. Бұл студенттердің мәдени құндылықтар мен айырмашылықтарды түсінуге қызығушылығы бар екенін көрсетеді.

2**. Сабақ барысында елтанымдық ақпаратты қолдану жиілігі**

52% студент сабақтарда шетел мәдениеті жайлы ақпарат жиі қолданылатынын атап өтсе, 23% мүлде қолданылмайды деп есептейді. Бұл көрсеткіш елтанымдық мәліметтердің барлық сабақтарда біркелкі енгізілмейтінін байқатады.

3. Мәдениетаралық құзыреттіліктің маңыздылығы

Респонденттердің 65%-ы бұл құзыреттілік өте маңызды деп есептейді. Бұл – студенттердің кәсіби дамуында мәдени контекстерді түсінудің маңызын сезіну деңгейі жоғары екенін білдіреді.

4. Елтанымдық материалдардың тіл үйренуге әсері

52% студент олардың тілді жетілдіретінін айтады. Ал 18% үшін ол қиындық тудырады, бұл оқу материалдарының мазмұны мен ұсынылу әдісіне байланысты болуы мүмкін.

5. Басқа елдердің мәдениетіне қызығушылық

Респонденттердің 45%-ы басқа мәдениеттермен танысқысы келетінін айтқан. Бұл интеркультуралық жобалар мен тәжірибе алмасу бағдарламаларын дамыту қажеттілігін көрсетеді.

6. Мәдени стереотиптерді жеңу

58% елтанымдық ақпараттың стереотиптермен күресуге көмектесетінін мойындайды. Демек, мәдени сананы кеңейту – интеркультуралық құзыреттілікті арттырудың маңызды тетігі.

7. Кәсіби өмірде мәдениетаралық құзыреттілік қажеттілігі

46% бұл құзыреттілік кәсіби тұрғыдан қажет деп есептейді. Бірақ 30% респондент толық сенімді емес екенін айтқан. Бұл бағытта ақпараттық-түсіндіру жұмыстары қажет екенін аңғартады.

Мәдениет адамның тұлғалық дамуына негіз бола отырып, тілдерді үйрену процесі «өзгетілдік мәдениетпен» танысуға мүмкіндік береді. «Өзгетілдік мәдениет» мынадай құрамда болады:

1) Тілге қатысты ақпараттардың жиынтығы, оның қоғамдағы рөлі, тіл иесінің мәдениеті, шет тілін үйренудің түрлі әдістері, оқыту процесінің студентке әсері.

2) Сөйлесім мен оқыту дағдыларын қалыптастыру.

3) Қарым-қатынас әрекеттерін жүзеге асыру, адамның және қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру.

4) Шет мәдениетін меңгеру кезінде студенттердің эмоционалдық жағдайын ескеру, оның оқытушыға және топ мүшелеріне деген қарым-қатынасын бақылау, уәждемені нығайту.

Ауызша қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда танысу, сұрау, ақпарат беру сияқты қарапайым әрекеттер маңызды орын алады. Жазу дағдыларын дамыту да өз кезегінде тиімді әдістердің бірі болып табылады. Елтанымдық бағдарды ұстану оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырады, қатысымның дамуына және дұрыс уәждеме қалыптастыруға әсер етеді, сонымен қатар тәрбиелік жұмысқа да оң ықпал етеді.

Бұл ілімнің зерттеу объектісі таза лингвистикалық сипатқа ие және оның басты назарында белгілі бір ұлттың мәдениетін бейнелейтін тілдік бірліктер тұр. Лингвоелтанымның зерттеу әдістері мен тәсілдері негізінен лингвистикалық, сондықтан оның барлық аспектілерін сипаттау үшін арнайы лингвистикалық әдістер қолданылады. Елтаным бағытында оқу кезінде, әсіресе мәдени құрылымды құрайтын сөздер мен аймақтық лексикаға ерекше назар аударылуы керек. Тілді меңгеру үдерісінде көп уақыт лексемаларды үйренуге арналып, оқушылардың тілдік қатынасқа түсу қабілетіне мән беріледі, яғни қатысымдық құзыреттілік маңызды рөл атқарады. Қатысымдық құзыреттілік дегеніміз – қатысымда дұрыс қатысу қабілеті. «Қатысым – оқушы мен оқытушының өзара қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән қағидалар мен жүйелерден тұратын, тіл үйретудің тиімді әдістерін біріктіре отырып, тіл қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде жүзеге асырылатын әдіс» [Оразбаева, 2000: 127].

Осыдан, елтанымдық бағдарлы оқытудың бірнеше маңызды шарттары айқындалады:

1. Баламасы жоқ және аялық лексика толық түсіндіріліп, лексиканың мағынасы тереңінен ашылуы керек.

2. Елтанымдық ақпарат міндетті түрде берілуі тиіс.

3. Қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру көзделуі керек.

4. Білім алушының жеке қабілеттері ескерілуі қажет.

Елтанымдық бағдармен білім беру барысында білім алушы тіл меңгеру арқылы сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетімен тығыз байланыста бола алады. Елтанымдық ақпаратты қолдану оқу үдерісіне қызығушылықты арттырып, білім алушының тұрақты уәждемесін қалыптастыруға көмектеседі. Осыған орай, Е.М.Верещагин мен В.Г.Костомаровтың «Язык и культура» атты еңбегінде айтылғандай: «Жаңа тілді меңгере отырып, әрбір адам жаңа ұлттық мәдениетпен танысып, сол тіл бойындағы үлкен рухани қазыналардан нәр алады» [Верещагин, 1990: 45].

Егер оқырман белгілі бір қоғамның мәдениетімен таныс болмаса, онда ол сол халықтың мәдени жетістіктерін, көркем әдебиетін түсіну мен бағалауда қиындықтарға тап болады. Мысалы, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын оқығанда, оқырман ұлттық ерекшелікті көрсететін және баламасы жоқ сөздерді көп кездестіруі мүмкін, мысалы: сойыл, шоқпар, шариғат, түндік, ұшық, керейлер, уақтар, тобықтылар, бөкеншілер, шапан, ас және т.б. Сонымен қатар, нақыл сөздер мен әдептік сөз формулалары да кездеседі, мысалы: «ақсақ қой түстен кейін маңырайды», «қарға қарғаның көзін шұқымайды», «Уағалей-кумассалам», «Ассалаума-алейкум». Бұл сөздер қазақ халқының ұлттық-мәдени семантикасын, оның

тарихын және тұрмыс-тіршілігін көрсетеді. Осы тілдік бірліктерді түсінбеу мәтіннің мағынасын, сюжетінің тереңдігін толық түсінбеуге әкелуі мүмкін.

Мысалы, аталған шығармада кереге, түндік, жайлау, шашу, бәйге, терме, саба сөздері қазақ халқының дәстүрлі тұрмысынан хабар береді. Ал шолпы, шапан, тымақ, малақай, бешпет – ұлттық киімдер мен әшекейлер, сойыл, шоқпар – қару-жарақ түрлері, ұшық – сырқат атауы және әртүрлі ру-тайпа атаулары да жиі кездеседі: керей, дулат, уақ, тобықты, бөкенші, борсақ, топай, көкше және тағы басқа. Осылайша, тілдік бірліктер тек тілдің құрылымы емес, сонымен бірге ұлттың мәдениетінің, дүниетанымының, өмір сүру салтының бір бөлігі болып табылады [Ауезов, 2013: 127].

Күнделікті тұрмыста қолданылатын қолөнер туындыларының атауларын зерттеу, олардың жасалу жолдарын анықтау ұлттық болмысты тануға және танытуға үлкен маңызға ие. Мысалы, жанторсық, көнек, саба, түбек, асадал, қоржын, қанжыға, қауға, сырмақ, түйемойнақ, шамдал, кебеже, жағлан, шығыр, қауға, сыпыра, адалбақан, дағыра, шаңқобыз, сырнай сияқты атаулар арқылы қазақ халқының дәстүрлі қолөнері, тұрмыс бұйымдары мен мәдениетін толыққанды түсінуге мүмкіндік береді.

Ұлттық мәдениеттің бірліктері жалпыхалықтық құндылықтармен байланысты, сол себепті ұлттар арасындағы рухани байланысқа септігін тигізеді. Елтанымдық бағдар бөгде елдің ойына, сөздің құпиясына енуге мүмкіндік береді, бұл мүмкіндік білім алушының байқампаздығын, ойлау қабілетін, қиялын кеңейтеді, дамытады. Мәдениет пен ұлттық тіл иелерінің өзіне тән ерекшеліктері болатынын С.Г.Тер-Минасова айта отырып, «мәдениетаралық қарым-қатынаста коммуниканттың ұлттық мінез-құлық ерекшелігін, оның эмоционалды жай-күйін, ұлттық ойлау жүйесінің ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру» керектігіне тоқталады [Тер-Минасова, 2018: 38].

Орыс ғалымдарының пікірінше, шет тілін оқытуда ең маңызды аспектілердің бірі – лингвоелтануға ерекше назар аудару. Олар былай дейді: «Шет тілін меңгеру процесі тіл иеленуші халықтың этноәлеуметтік және мәдени «құндылықтарымен» тығыз байланысты. Этникалық, әлеуметтік, мәдени сипаттағы елтанымдық білімдер студенттердің коммуникативтік, танымдық және эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, тіл үйренуге деген тұрақты қызығушылықты қалыптастырады және сөйлеу әрекеттерін орындауға деген ынтаны арттырады. Елтанымдық білімдер түрлі қарым-қатынас салаларында коммуникативтік дағдыларды дамытуға көмектеседі» [Черкас, 2020: 36]. Бұл пікір ғалымдардың шет тілін оқытуда тілдің коммуникативті қызметіне қол жеткізу үшін елтану мен лингвоелтану құзыреттерін қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді. Сондықтан елтанымдық бағдар мен коммуникациялық әрекеттердің өзара байланысы тіл үйрету үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Майкл Байрамның еңбектерінде шет тілін оқытуда мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін дамыту мәселелерін қарастырады. Ғалым мәдениетаралық қатысым құзыреттілігінің анықтамасын беріп, оның моделін жасап, оқыту мен бағалау мақсаттарын, оқу бағдарламаларын және бағалау әдістерін талқылайды [Buram, 1997].

Елтанымдық бағдарлы оқыту барысында жаңа лексикалық материал күн санап арттырылып, тіл үйренушіге жаңа сөздер мен сөз тіркестерін меңгеру мүмкіндігі беріліп отырады. Алғашқы кезеңде меңгерген ақпарат пен кейінгі үйренген лексикалық бірліктер бір-бірін толықтырып, сөйлеу мен жазу барысында үздіксіз қолданысқа түседі. Қазақ тілін елтанымдық бағдарда оқыту процесі тілдік және сөйлеу материалдарын мұқият сұрыптауды талап етеді, яғни әр деңгейдегі тіл үйренушілер үшін ең қажетті және пайдалы лексикалық минимумды таңдау керек. Бұл минимум, өз кезегінде, елтанымдық ақпаратты тереңдетіп беруі, сол арқылы студенттің мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етуі қажет.

Зерттеу нәтижелері елтанымдық ақпаратты қолдану - тіл үйренушілердің мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін дамытуда маңызды құрал екенін көрсетті. Білім алушылар тек тілдік біліммен шектелмей, сол тілді қолданатын ұлттың дүниетанымы, салт-

дәстүрі, ұлттық құндылықтары туралы мәліметтер арқылы басқа мәдениеттерді түсінуге, құрметтеуге дағдыланады.

Елтанымдық материалдарды жүйелі түрде қолдану олардың мәдени айырмашылықтарға төзімділікпен қарауына, коммуникативтік ортада өзін еркін сезінуіне септігін тигізеді. Сонымен қатар, мәдениетаралық түсіністікті арттыру білім алушылардың тілдік мотивациясын да күшейтетіні байқалды. Сабақ барысында шет елдердің өмір салтына, дәстүріне қатысты бейнероликтер, мәтіндер, салыстырмалы тапсырмалар, диалогтер арқылы пікірталасқа түсу – білім алушылардың аналитикалық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін де дамытады.

Алайда кейбір қиындықтар да байқалды: елтанымдық материалдардың мазмұны мен тіл деңгейінің оқушының қабылдауына сай келмеуі, кейбір ұлттық ерекшеліктердің түсініксіз болуы немесе дұрыс интерпретацияланбауы. Осыған байланысты оқытушының елтанымдық мәліметтерді іріктеуде, оны оқыту әдісінде, тіл мен мәдениетті сабақтастыруында кәсіби біліктілігі аса маңызды.

Қорытынды.

Тіл – мәдени және тарихи ақпаратты сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал. Тілдің кумулятивтік қызметі оның басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады, өйткені тіл арқылы ұжымдық тілдік қазына, халықтың тарихы мен мәдениеті сақталады. Лексика тілдің кумулятивтік қызметін айқын көрсететін жүйе ретінде маңызды рөл атқарады, өйткені сөздер қоршаған әлеммен, әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысты болып, әрбір сөз тек нақты бір затты немесе құбылысты көрсетіп қана қоймай, олардың өмір сүру мәні мен әлеуметтік тұрмысын сипаттай алады.

Қазіргі кезде ұлт тілінің мәдениет пен танымнен байланысы мәселесіне ерекше назар аударылып жатыр. Бұрынғы дәстүрлі тіл білімі мен әдістеме саласындағы зерттеулер жаңа танымдық бағыттармен жаңартылуда. Әр халықтың тілі оның дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын көрсететін ерекше тілдік бейнесін жасайды. Тілдер арасындағы айырмашылықтар сол халықтардың дүниетанымдарының түрлілігіне, өмірге деген көзқарастарының ерекшеліктеріне куә болады.

Тілді үйрету тек білім берумен ғана шектелмейді, сонымен қатар адамзаттың мәдени-тарихи мұраларын меңгеруге, ойды еркін жеткізе білуге, өзін және басқаларды танып-білуге мүмкіндік береді. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту барысында елтанымдық, ұлттанымдық ақпараттарды жүйелі түрде енгізу арқылы біз студенттердің ұлтжандылық, патриотизм, отансүйгіштік, эстетикалық және этикалық құндылықтарын қалыптастырамыз. Бұл қасиеттер адам тұлғасының құндылық бағдарын құра отырып, тілдік сананың негізін қалайды. Тұлғаның ішкі дүниесін, рухани әлемін қалыптастырып, оның іс-әрекетіне бағыт береді. Осылайша, мұндай оқыту студенттердің рухани және мәдени зияткерлік деңгейін көтеруге, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын жалпыадамзаттық құндылықтармен үйлестіру арқылы тәрбиелеуге бағытталған.

Тілдің танымдық қызметі тіл үйренушілер үшін ерекше маңызға ие. Себебі, дұрыс іріктелген лексикалық бірліктер олардың түсінігін жеңілдетіп, қажеттіліктерін қанағаттандырады. Тілді оқытудың негізгі мақсаты – тілдік құбылыстарды игерудің тек механикалық деңгейінен шығып, сол тілді қолданушы халықтың мәдениеті мен рухани дүниесімен танысу. Бұл үшін сабақтарда елтанымдық бағытты ұстану маңызды. Қолданылған бірнеше әдіс-тәсілдер:

1. Сабақтарда ұлттық сөздердің мағынасын ашу барысында баламасы болса, тікелей аудару; ал баламасы жоқ болса, оның мағынасын жан-жақты түсіндіру тәсілі.

2. Мәтіндерге лингвостилистикалық талдау жасай отырып, автордың өмірбаянын, шығармашылығын, шығарманың жазылу тарихы мен оқиға болған кезең жайлы мәлімет беру.

3. Тақырыпты түсіндіру барысында көру сезімдеріне әсер ету үшін бейнемазмұн, суреттер, иллюстрациялар сияқты көрнекілік құралдарды пайдалану.

4. Әр ұлттың өзіне тән ым тілін және оның мәдени мәнін түсіндіру.

Қорыта айтқанда, елтанымдық бағдарлы оқыту білім алушының танымдық көзқарасын дұрыс бағытта дамытуға көмектеседі. Мұнда ең бастысы – көркемдік танымды, ұлттық құндылықтарды және мәдениетті меңгерту. Бұл үдерісте тілдік тұлғаның мәдениетке деген көзқарасын қалыптастыру ерекше маңызды. Тіл үйренуші тілдік құралдар арқылы сол халықтың дүниетанымын, рухани және материалдық байлығын түсініп, сол арқылы ұлттық ерекшеліктерді меңгереді. Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін лингвоелтану, лингвомәдениеттану, этнолингвистика сияқты ғылыми салалардың теориялық негіздері мен әдіс-тәсілдері маңызды рөл атқарады.

Сондай-ақ, студенттерге мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін дамыту, шет елдер мәдениетін тереңірек түсіну және елтанымдық ақпаратты білім алу барысында тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған «Мәдениетаралық қатысым және елтанымдық ақпарат» атты 12 сағаттан тұратын әдістемелік семинардың бағдарламасы әзірленді. Зерттеу мәселесі бойынша төмендегідей ұсыныстар береміз:

- Елтанымдық материалдарды сабақта жүйелі қолдану үшін арнайы әдістемелік ұсыныстар әзірлеу;
- Интеркультуралық жобалар, клубтар немесе диалог алаңдарын ұйымдастыру;
- Мәдениетаралық құзыреттіліктің маңыздылығы туралы семинар-тренингтер өткізу;
- Елтанымдық ақпараттарды тіл үйрету процесінде визуалды, интерактивті әдістермен ұсыну.

Әдебиеттер

1. Ауэзов М. (2013) Путь Абая. - Алматы, Жазушы – 400 с.

2. Byram M. (1997) Teaching and assessing intercultural communicative competence. Clevedon. Multilingual Matters.

3. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. (1990) Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного/ Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров. - Москва: Руский язык – 246 с.

4. Вторушина Ю.Л. (2007) Формирование межкультурной компетенции в контексте профессиональной подготовки будущих учителей иностранного языка (на материале преподавания английского языка с использованием народного фольклора). Дис. .канд.пед.наук. Москва – 187с.

5. Елизарова Г.В. (2005) Культура и обучение иностранным языкам.СПб.: КАРО -352с.

6. Манкеева Ж.А. (2008) Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы - 356 б.

7. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі, Алматы - 208 б.

8. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. - Астана: Ұлттық аударма бюросы - 320 б.

9. Томахин Г.Д. (1980) Понятие лингвострановедения. Его лингвистические и лингводидактические основы/ Г.Д. Томахин// Иностранные языки в школе. - No3. -77-81 с.

10. Черкас М.А. (2020) Функционально-коммуникативные свойства языковых единиц в текстовой структуре/ М. А. Черкас // Функциональная лингвистика : проблемы и перспективы: материалы круглого стола, посвященного памяти доктора филологических наук, профессора Т. С.- Минск: МГЛУ - С. 88-90.

References

1. Auezov M. (2013). Put' Abaya. Almaty: Zhazushy.

2. Byram M. (1997). Teaching and assessing intercultural communicative competence. Clevedon: Multilingual Matters.

3. Vereshchagin E. M., & Kostomarov, V. G. (1990). Yazyk i kul'tura: Lingvostranovedenie v prepodavanii russkogo yazyka kak inostrannogo. Moskva: Russkiy yazyk.

4. Vtorushina Yu. L. (2007). Formirovanie mezhkul'turnoy kompetentsii v kontekste professional'noy podgotovki budushchikh uchiteley inostrannogo yazyka (na materiale

prepodavaniya angliyskogo yazyka s ispol'zovaniem narodnogo fol'klora) (Candidate dissertation). Moskva.

5. Elizarova G. V. (2005). Kul'tura i obuchenie inostrannym yazykam. Sankt-Peterburg: KARO.

6. Mankeyeva Zh. A. (2008). Qazaq tilindegi etnomädeni ataulardyn tanymdyq negizderi. Almaty.

7. Orazbayeva F. (n.d.). Tildik qatynas: teoriyasy zhane adistemesi. Almaty.

8. Ter-Minasova, S. G. (n.d.). Til zhane madenietaralyq kommunikatsiya. Astana: Ulttyq audarma byurosy.

9. Tomakhin G. D. (1980). Ponyatie lingvostranovedeniya. Ego lingvisticheskie i lingvodidakticheskie osnovy. Inostrannye yazyki v shkole, (3), 77–81.

10. Cherkas M. A. (2020). Funktsional'no-kommunikativnye svoystva yazykovykh edinits v tekstovoy strukture. In Funktsional'naya lingvistika: problemy i perspektivy (pp. 88–90). Minsk: MGLU.

Автор туралы мәлімет

Уристенбекова Гулбану Қауасовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Orcid: 0000-0002-7584-2662, e-mail: gulba@mail.ru

Information about author

Uristenbekova Gulbanu – candidate of pedagogical sciences, senior lecturer at the O. Zhanibekov South Kazakhstan pedagogical university, Orcid: 0000-0002-7584-2662, e-mail: gulba@mail.ru

Сведения об авторе

Уристенбекова Гулбану Кауасовна – кандидат педагогических наук, старший преподаватель Южно-Казахстанского педагогического университета имени Ө. Жанибека, Orcid: 0000-0002-7584-2662, e-mail: gulba@mail.ru

Мақала/Статья/Article

MRNTI 16.31.51

Zh.N. Abisheva[*1], V.I. Kazarenkov[2], A.M. Beisembayeva[3], Zh.M.Yeleukenova[4]

[1,3]Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey

[2]Peoples' Friendship University of Russia, Moscow, Russian Federation

[4]Semey Medical University, Republic of Kazakhstan, Semey

[1*]ORCID**:** 0000-0001-6941-2247

[1*]e-mail: zhuldyz_2009@mail.ru

THE USE OF AI IN TEACHING ENGLISH FOR SPECIFIC PURPOSES: THE EXAMPLE OF CHATGPT

Abstract. The application of Artificial Intelligence (AI) in education has transformed teaching practices, especially in the area of Teaching English for Specific Purposes (ESP). The article discusses the role of AI, notably ChatGPT, in innovating ESP education for Teaching English major students. ChatGPT, a cutting-edge AI language model developed by OpenAI, facilitates personalized learning experiences through the simulation of real-life professional settings and the delivery of instant, context-specific feedback on the use of language, grammar, and vocabulary. It enables ESP learners to practice and enhance their communication skills in settings that are directly relevant to their own professions, such as business, law, medicine, and engineering. The paper examines the numerous benefits of ChatGPT, including its capability to personalize learning tasks, provide real-time corrections, and create interactive and dynamic dialogue that mimics professional real-life interaction. Furthermore, it discusses feasible means of integrating ChatGPT into ESP courses, including task-based learning, blended modes, and collaborative tasks.